ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 17 шілде №5265-23-00-2/1524 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігі «Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Шымкент қаласы)» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Нур-Ару» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігі «Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Шымкент қаласы)» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Нур-Ару» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Нур-Ару» жауапкершілігі шектеулі серіктестегінен мемлекет пайдасына 4 122 (төрт мың бір жүз жиырма екі) теңге тұрақсыздық айыппұл және 1849 (бір мың сегіз жүз қырық тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 17.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 28.08.2023, судья Сатыбалдиева А. К., 28.08.2023
5265-23-3-1/1640

көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 17.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.08.2023, судья Сатыбалдиева А. К., 28.08.2023

5265-23-3-1/1640